



 КазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY QAZMUNAIGAS</small>	«КазМұнайГаз» ҰК АҚ	
Құжаттың атауы:	«КазМұнайГаз» ҰК АҚ ақпаратты ашу саясаты	
Құжаттың түрі: Саясат	KMG-VND-4611.1-28	5 беттің 1-беті
Әзірлеген: А. А. Жакенов  2023 жылғы 6 ақпан	Тексерген: М.А. Діқанбаев  2023 жылғы 6 ақпан	«КазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының 2023 ж. «10» маусымдағы шешімімен бекітілген, № 12 хаттама

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы «КазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі – Қоғам) ақпаратты ашу саясаты Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, Қоғамның Жарғысына, Қор биржаларының нормативтік құжаттарына және басқа да қолданылатын нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленді.

1.2. Саясаттың мақсаты Қоғамның ақпараттық қызметінің негізгі принциптерін, тәртібін, оның ішінде мүдделі тараптарға Қоғам туралы дұрыс ақпаратты ашу бөлігінде, қолданылатын құқықтық және реттеуші талаптарға сәйкес инсайдерлік, құпия ақпаратты пайдалану тәртібін белгілеу болып табылады.

1.3. Қоғам өз қызметінде Қоғамның қызметі туралы ақпаратты ашу және Қоғамдағы істердің ағымдағы жағдайы туралы қосымша мәліметтер, түсіндірмелер мен ресми түсініктемелер, сондай-ақ Қоғам қызметіне талдау жүргізу үшін қажетті өзге де ақпарат беру арқылы мүдделі тараптармен транспаренттілікке және тұрақты тікелей диалогті қолдауға ұмтылады.

Қоғамның қызметі туралы шынайы ақпаратты уақытылы және барынша толық ашу Қоғамның қолайлы имиджін қалыптастыруға, активтердің құнын ұлғайтуға, инвестициялар тартуға, сондай-ақ Қоғамның жоғары корпоративтік басқару стандарттарын ұстануға бейілділігін растауға ықпал етуге тиіс.

Қоғам өзінің ақпараттық қызметі барысында Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қор биржаларының қолданылатын листингтік талаптарында, Қоғам Жарғысында, Қордың қолданылатын нормативтік құжаттарында, сондай-ақ Қоғамның өзге де ішкі құжаттарында, оның ішінде инсайдерлік ақпаратты басқару, құпия ақпаратты жария етпеу және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын өзге де құпияда көзделген талаптарды сақтайды.

1.4. Қоғамның ақпараттық қызметінің негізгі принциптері:

тұрақтылық - мүдделі тараптарға Қоғам туралы ақпаратты тұрақты және жүйелі түрде ұсыну;

қолжетімділік - мүдделі тараптардың ашылатын ақпаратқа еркін, ауыртпалықсыз және ең аз шығынмен қол жетуін қамтамасыз ететін ақпаратты тарату тәсілдерін пайдалану;

тең құқықтық - Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген жағдайларды қоспағанда, мүдделі тараптардың ақпарат алуында тең құқықтар мен мүмкіндіктерді қамтамасыз ету;

толықтық - құпия ақпаратты қоспағанда, мүдделі тараптарға істердің нақты жағдайы туралы неғұрлым толық хабардар болуын қалыптастыру үшін маңызды және қажетті ақпарат пен фактілерді ұсыну;

құжаттармен растау – ашылған ақпарат құжаттар мен нақты оқиғаларға негізделуі керек;

объективтілік - Қоғам өз қызметін жариялау кезінде оған қоса мүдделі тараптар үшін маңызды болып табылатын өз қызметі туралы теріс ақпаратты да ашады;

дәйектілік - Қоғам ашқан ақпарат барлық маңызды қатынастарда ұқсас немесе өзара байланысты мәселелерге қатысты бұрын ашылған ақпаратпен дәйекті болуы керек;

ашықтық - мүдделі тараптарға толық және шынайы ақпаратты ашу;

теңгерімділік - акционерлердің және өзге де мүдделі тараптардың ақпарат алуға құқықтарын барынша іске асыру мақсатында, бірақ Қоғам мүдделерін қатаң сақтау шартымен,

 КазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰАТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	«КазМұнайГаз» ҰК АҚ ақпаратты ашу саясаты	
Саясат	KMG-VND-4611.1-28	5 беттің 2-беті

бір жағынан ақпаратты ашу мен ашықтықтың, екінші жағынан құпиялылықтың ақылға қонымды теңгерімін қамтамасыз ету;

ақпаратты қорғау - ақпаратты ашу және (немесе) беру тәртібін бұзу нәтижесінде материалдық және материалдық емес залалдың алдын алу;

ақпараттық ресурстарды қорғау - Қоғамның құпия және инсайдерлік ақпаратты қорғаудың барлық заңды тәсілдері мен құралдарын пайдалану құқығы;

іске қатыстылығы - Қоғам ашқан ақпарат Қоғамның қызметіне қатысты болуы керек;

шынайылық - мүдделі тараптарға Қоғамға белгілі фактілерді бұрмаламай ақпарат беру;

байланыстылық - Қоғам ашқан ақпарат оны пайдалану және хронологиялық тәртіпте талдау үшін баяндаудың бірдей тәсілдері мен принциптерін қолдана отырып жасалуы керек;

ұзақмерзімділік - Қоғамның мүдделі тараптармен ұзақмерзімді сипаттағы қарым-қатынасқа ұмтылуы болып табылады.

1.5. Осы Саясат мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде Қоғамның корпоративтік веб-сайтында орналастырылуға жатады.

1.6. Осы Саясат мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қолдануға байланысты қатынастарға қолданылмайды. Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қолдану тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарымен регламенттеледі.

1.7. Саясат Қор биржаларының заңнамалық базасы мен нормативтік құжаттарының оны қабылдаған күнгі талаптарын көрсетеді. Егер заңнаманың немесе қор биржаларының нормативтік құжаттарының өзгеруі нәтижесінде Саясаттың жекелеген тармақтары оған қайшы келсе, онда бұл тармақтардың күші жойылады. Саясатқа өзгерістер енгізілгенге дейін қолданыстағы заңнаманы, Қор биржаларының нормативтік құжаттарының талаптарын басшылыққа алу қажет.

2. Қолдану саласы

2.1. Осы Саясат Қоғамның ақпараттық қызметінде қолданылады және:

ақпаратты тарату тәртібін, тәсілдері мен нысандарын айқындау, сондай-ақ ақпаратты дайындауға және таратуға жауапты адамдарды айқындау арқылы Қоғам туралы ақпараттың таралуын бақылау жүйесін белгілейді;

Қоғам ішінде де, одан тыс жерлерде де ақпараттық-коммуникациялық арналар арқылы берілетін ақпаратты бақылауды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін іргелі принциптерді қалыптастырады;

инсайдерлік ақпаратты ашу, сондай-ақ мүдделі тараптарға құпия ақпаратты беру тәртібін белгілейді.

2.2. Саясат барлық құрылымдық бөлімшелердің, лауазымды адамдар мен жұмыскерлердің, сондай-ақ инсайдерлік ақпаратты ашу бөлігінде Қоғамның инсайдерлері таныған өзге де тұлғалардың қолдануы үшін міндетті болып табылады.

3. Қысқартулар мен анықтамалар

IR – Қоғамның инвесторлармен жұмыс жөніндегі басқармасы;

ЕТҰ – еншілес ұйымдар мен тәуелді қоғамдар, оның ішінде бірлесіп бақыланатын ұйымдар мен Қоғамға тиесілі бірлескен кәсіпорындар;

Лауазымды тұлға – Қоғамның Директорлар кеңесінің және Басқармасының мүшелері, сондай-ақ заңға, Қоғамның өзге де құқықтық актісіне немесе құжатына байланысты Қоғамның атынан сөз сөйлеуге уәкілетті өзге де адам;

Мүдделі тараптар – Қоғамның акционерлері, директорлары, кредиторлары және әлеуетті инвесторлары, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары, қоғамдық ұйымдар, бұқаралық ақпарат құралдары, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдар, қоғамның қызметкерлері және мүдделері қоғамның

 КазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	«КазМұнайГаз» ҰК АҚ ақпаратты ашу саясаты	
Саясат	KMG-VND-4611.1-28	5 беттің 3-беті

қызметімен тікелей қозғалатын өзге де тұлғалар. Мүдделі тараптар Қоғамның мүдделі тараптарының тізбесінде айқындалған;

Инсайдерлік ақпарат – Қоғамға тікелей немесе жанама қатысты және жария болып табылмайтын, ашылуы Қоғамның бағалы қағаздарының нарықтық құнына және оның тиісті қаржылық активтеріне елеулі әсер етуі мүмкін нақты сипаттағы кез келген сенімді ақпарат;

Инсайдер – инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу құқықтарын шектеу және инсайдерлердің мұндай ақпаратты теріс пайдалану мүмкіндігін болдырмау үшін Қоғамның Ішкі бақылау ережелеріне сәйкес айқындалған инсайдерлік ақпаратқа рұқсаты бар тұлғалар;

Ақпараттық қызмет – осы Саясаттың принциптері мен ережелеріне сәйкес мүдделі тараптарға Қоғам туралы ақпарат беруге бағытталған қызмет;

Құпия ақпарат – таратылуы шектелген ресми ақпаратты, коммерциялық құпияны құрайтын, оның үшінші тұлғаларға белгісіз болуына байланысты нақты немесе әлеуетті коммерциялық құндылығы бар, оған заңды негізде еркін қолжетімділік жоқ және (немесе) оны ашу Қоғамды қолайсыз бәсекелестік жағдайға әкелуі мүмкін ақпарат, дербес деректер және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын өзге де құпия. Құпия ақпараттың тізбесі Жарғыға және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарына сәйкес уәкілетті органның шешімімен бекітіледі;

Баспасөз қызметі – өз құзыреті шегінде Қоғамның қызметін көпшілік алдында жариялау мәселелері бойынша БАҚ-пен байланысты үйлестіретін Қоғамның құрылымдық бөлімшесі;

Ақпаратты ашу – Қоғамның қызметі туралы ақпаратты, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қоғамның Жарғысында, Қор биржаларының қолданыстағы ережелерінде және қоғамның өзге де ішкі құжаттарында белгіленген көлемде, тәртіппен, тәсілдермен және нысандарда уақытылы жария ету;

Директорлар кеңесі – Қоғамның Директорлар кеңесі;

Бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) – мерзімді баспа басылымы, теле-, радиоарна, кинодокументалистика, аудиовизуалды жазба және, интернет-ресурстарды қоса алғанда, ақпаратты мерзімді немесе үздіксіз жария таратудың өзге де нысаны;

Қор – «Самұрық-Қазына» АҚ;

Қор биржалары - Қазақстан қор биржасы және Astana International Exchange;

Қоғамның бағалы қағаздары - Қоғамның қор нарығында айналысқа түсетін немесе листингілік бағалы қағаздары немесе осындай бағалы қағаздарға айырбастауға болатын кез келген бағалы қағаздары.

4. Жауапкершілік

4.1. Қоғамның лауазымды тұлғалары, функционалдық блоктарының басшылары, құрылымдық бөлімшелері мен жұмыскерлері осы Саясаттың талаптарын, сондай-ақ осы Саясатты іске асыруға байланысты Қоғамның өзге де ішкі құжаттарының тиісінше орындалуына жауапты болады.

4.2. Инсайдерлер Қазақстан Республикасының заңнамасын инсайдерлік ақпарат және осы Саясат бөлігінде бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауапкершілікті алады.

4.3. Қоғам инсайдерлік ақпаратты пайдаланғаны, жария еткені, таратқаны немесе өзге де қолданғаны үшін кінәлы инсайдерлерден аталған заңсыз әрекеттермен Қоғамға келтірілген залалдың орнын толтыруды талап етуге құқылы.

4.4. Құпия және (немесе) инсайдерлік ақпаратты заңсыз әдістермен алған, жария еткен және (немесе) пайдаланған тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасына, сондай-ақ Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жауапты болады. Қоғам сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келтірілген зиянды өтеуді талап етуге құқылы.



5. Ақпаратты ашу тәсілдері мен нысандары

5.1. Қоғам туралы ақпарат келесі жолдармен және формалармен ашылуы мүмкін:

5.1.1. бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау;

5.1.2. ақпаратты корпоративтік веб-сайтта, Қоғамның әлеуметтік желілердегі корпоративтік аккаунттарында және Қоғамның ішкі ресурстарында орналастыру;

5.1.3. Қоғамның уәкілетті тұлғаларының мүдделі тұлғалармен сұхбаттары, баспасөз релиздері, баспасөз конференциялары, брифингтері және кездесулері;

5.1.4. ақпаратты қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында, сондай-ақ уәкілетті реттеуші қызметтер және/немесе қор биржалары органдары арқылы орналастыру;

5.1.5. инвесторлардың, талдаушылардың және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерінің Қоғамға баруын ұйымдастыру;

5.1.6. Қоғамның халықаралық қаржылық есептілік стандарттары бойынша қаржылық есептілігін, жылдық есебін, тұрақты даму туралы есебін, Қоғамның қаржылық және өндірістік қорытындыларын жариялау;

5.1.7. Қоғамның бағалы қағаздары проспектісі.

5.2. Қоғам акционерлермен және өзге де мүдделі тұлғалармен қарым-қатынас жасаудың мынадай тәсілдерін де қолдануы мүмкін:

5.2.1. аудио/бейне конференц-қоңыраулар, оның ішінде есепті кезеңдегі Қоғамның қаржылық, өндірістік қызметінің қорытындылары бойынша;

5.2.2. инвесторлар күні және талдаушы күні;

5.2.3. Қоғам өкілдерінің жеке қатысуымен де, қашықтықтан байланыс арналарын пайдалана отырып, топтық және/немесе жеке кездесулер;

5.2.4. халықаралық инвестициялық конференциялар;

5.2.5. роуд-шоу, презентациялар, өндірістік объектілерге бару;

5.2.6. белгіленген тәртіппен жазбаша жауаптар, сондай-ақ электрондық пошта және телефон байланысы бойынша ауызша түсініктемелер беру.

5.3. Қоғамның қызметі туралы ақпаратты таратудың нысандары мен тәсілдері жоғарыда 5.1. және 5.2-тармақшаларда көрсетілген тізбемен шектелмейді, Қоғам өз қызметі туралы ақпаратты қолданыстағы заңнамаға және Қор биржаларының талаптарына қайшы келмейтін өзге де тәсілдермен ашуға құқылы.

5.4. Қоғам инсайдерлік ақпаратты ашылғаннан кейін корпоративтік веб-сайтта кемінде 5 (бес) жыл сақтауға міндетті.

5.5. Қоғамның лауазымды тұлғалары, сондай-ақ Қоғамның бірінші басшысының келісімі бойынша баспасөз қызметінің басшысы Қоғам қызметіне қатысты барлық мәселелер бойынша жария және ресми мәлімдемелер, сөз сөйлеу, сұхбат және түсініктеме беру құқығына ие.

5.6. Қоғам қызметіне қатысты мәселелер бойынша көпшілік алдында, оның ішінде БАҚ-та сөйлеген сөздердің тақырыбы мен мазмұны белгіленген тәртіппен алдын ала баспасөз қызметімен, IR және өзге де құрылымдық бөлімшелермен келісілуге тиіс.

5.7. Көпшілік алдында сөз сөйлеу құқығы жоқ Қоғам жұмыскерлері өздерінің қызметтік міндеттерін орындаудан тыс үшінші тұлғалармен (оның ішінде БАҚ-пен) өзара іс-қимыл жасауға және Қоғам мен ЕТҰ қызметі мәселелері бойынша жария түсініктемелер беруге құқылы емес.

6. Акционерлер мен инвесторларға ақпаратты ашу

6.1. Қоғам акционерлердің және өзге де мүдделі тұлғаларға Қоғамның қызметі, корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты, оның ішінде Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдерді Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қор биржаларының қолданылатын листингтік талаптарына, Қоғамның Жарғысына, осы Саясатқа және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарына сәйкес тәртіппен және мерзімдерде мәлімдейді.

6.2. Жария ету мерзімі Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Қор биржаларының қағидаларында айқындалмаған өзге де инсайдерлік ақпаратты Қоғам қысқа

 КазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	«КазМұнайГаз» ҰК АҚ ақпаратты ашу саясаты	
Саясат	KMG-VND-4611.1-28	5 беттің 5-беті

мерзімде ашуға тиіс немесе Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген жағдайларда және тәртіппен кейінге қалдырылуы мүмкін.

6.3. Акционердің сұрау салуы бойынша Қоғам оған «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген құжаттардың көшірмелерін Қоғамның Жарғысында көзделген мерзімдерде және тәртіппен беруге міндетті.

6.4. Қор Қоғамның мажоритарлық акционері болып табылатындықтан, Қоғам ішкі бизнес-процестерді (бизнес-жоспарлау, активтерді басқару, Кредиттеу, инвестициялық қызмет, тәуекелдерді басқару және т.б.) Ұлттық әл-ауқат қоры туралы заң шеңберінде Қордың тобына кіретін ұйымдарға қатысты белгіленген тәртіппен бекітілген саясаттарға, әдістемелік ұсынымдарға және корпоративтік стандарттарға сәйкес ұйымдастырады. Қоғам Қордың және Қоғамның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде Қоғамның қызметі бойынша есептерді, оның ішінде осы Саясатта, Қоғамның ішкі құжаттарында және өзге де қолданылатын нормативтік құжаттарда/келісімдерде белгіленген талаптарды ескере отырып, Қорға инсайдерлік және құпия ақпаратты ұсынады.

7. Құпия және инсайдерлік ақпаратты ұсыну

7.1. Қоғам құпия және инсайдерлік ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Саясатта және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен қорғауды жүзеге асырады.

7.2. Мұндай құпия және/немесе инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу шарттарын, сондай-ақ оны алу мүмкіндігін Қоғамның ашықтығы мен оның мүдделеріне нұқсан келтірмеу ниеті арасындағы тепе-теңдікті сақтау қажеттілігін ескере отырып, Қоғам өзі айқындайды.

7.3. Қоғамның құпия ақпаратына үшінші тұлғаларға рұқсат құпиялылық және Қоғамның қызметін қамтамасыз ету, сондай-ақ Қоғамның заңнама талаптарын сақтау мақсаттары үшін тиісті келісім жасау шарттары негізінде берілуі мүмкін.

7.4. Ашуға жоспарланған ақпаратты дайындау кезінде (баспасөз релиздері, үшінші тұлғалармен хат-хабарлар, презентациялар және т.б.) Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес Қоғамның құрылымдық бөлімшелері осы ақпараттың құпия болып табылатындығын анықтайды. Құпия ақпаратты көпшілікке жария етуге тыйым салынады. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қоғамның Жарғысында, Қор биржаларының нормативтік құжаттарында және басқа да қолданыстағы нормативтік құжаттарда көзделген жағдайлар мен тәртіпті қоспағанда, құпия ақпаратты көпшілікке жария етуге тыйым салынады.

8. Қорытынды ережелер

8.1. Осы Саясатпен реттелмеген мәселелер белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен, Қоғамның Жарғысымен, Қор биржаларының нормативтік құжаттарымен және басқа да қолданылатын нормативтік құжаттармен реттеледі.

8.2. Егер осы Саясаттың жекелеген тармақтары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, Қоғам Жарғысын, Қор биржаларының нормативтік құжаттарын өзгерту нәтижесінде олармен қайшылыққа түссе, осы Саясат Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, Қоғам Жарғысына және Қор биржаларының нормативтік құжаттарына қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.